

14 наурыз 2017

Алаш-100

Құнды деректер Мәскеу мұрағаттарында сақтаулы

Жуырда Қарағанды мемлекеттік тех ни калық уни вер си тетінде «Алашор да» үкіметінің 100 жыл дығына және XX ғасырдың 30-50 жылдардағы сая си қуғын-сүргін құр бан да рын еске алу мақ сатында «Алаш қоз ғалысы: ұлттық интел ли ген ция және ста лин дік қуғын-сүргін» ат ты ЖОО аралық ғы лыми-тә жі ри бе лік кон ференция өтті.

Алқалы жиынға еліміздегі ір ге лі ғылым және білім беру ұй ым да рынан 145-тен астам баянда ма ке ліп түскен. Конференция жұ мы сы на елімізге белгілі ғалымдар қа тысты. Басқосуды ҚарМТУ рек торы Марат Кеңесұлы Ибатов аш ты.

Ол

өз

сөзінде:

– Биылғы жылы «Алаш» қоз ға лысының құрылғанына 100 жыл то луына орай Алаш зия лы ларының мұ раларын зерделеу және оны жан дандыру шаралары қол ға алыну да. Өйткені, олар бү гін гі біздің қол жеткізіп отыр ған тәу елсіздігіміздің мұрат та рын, сая си-құқықтық, ұлт тық құн ды лықтарға қа тыс ты көз қа рас та ры мен тұ жырымдарын сол кез дің өзінде-ақ айтып кеткен. Біз де осы шараға үн қосу үшін әрі «Алаш тың» 100 жылдығын сол за манмен ғана шектеп қоймай, бү гінгі тәуелсіз мемлекетіміздің та рихымен, ұлттық идеямызбен бай ланыстырып, осынау жиынды ұйым дастырғанды жөн санадық, – деді.

Іс-шара барысында оқыл ған баян дамалардың дені «Алаш» қоз ғалысының та ри хын дағы эво лю цияға тоқталып, олардың мұраларының ішінде әлі де болса зерттелетін құнды дү ние лер көп. Тек көп құнды құ жат тар Мәскеу мұра ғат та-рында қа лың қағаз астында көмулі жатыр. Дәл қазіргі уақытта оны аршып алып, қа лың бұқараға көрсету үшін отандық ғалымдарымыздың то лықтай мүмкіндігі болмай жат қан дығын тілге тиек етті.

Келелі кеңеске ұйытқы бол ған ҚарМТУ-дың ға лым д а ры, атап ай т қанда Қазақстан та рихы ка фе д ра сы ның мең ге рушісі, тарих ғы лы м да ры ның кандидаты, доцент С.Қасымова «Нығмет Нұр ма қов – мақтанышы, ар-на мы сы қазақтың» баяндамасын ұсы нып, конференцияға қа ты су шы лар ды тың деректермен та ныс тыр ды.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлт тық универ си т е тінің профессоры, тарих ғы лым дарының докторы Сатай Сыздықов «Уақытша үкімет тұ с ында билікке келген Алаш қай раткерлері ауылдарда ко опе ра тивтер ашуды белсене қолдап отырды. Мысалы Ә.Бөкейханов Қос танай губер ниясын басқарғанда көп теген кооперативтерді ашуды қол дағандығы, іс қағаздарына қол қой ғаны архив материалда рында жиі кездеседі», – деді.

Конференция өз жұ мы сын Қазақстан Рес пуб ли ка сы ның Бі лім және ғылым ми нистрлігіне жыл сайын елі міздің жоғары оқу орын да рында «Алаш» қоз ға лы сы қай рат керлеріне ар нал ған кон фе рен ция лар өт кізу, «Алаш» қоз ға лы сы көшбас шы лары туралы то лық метра ж ды деректі және көрк ем фи льм дер түсірілімін ұйым дас ты ру сияқты ұсыныс-тілек тер мен аяқ тады. Шын мәнінде аталмыш жиын нан түйіп шық қа ны мыздай, «Алаш» қоз ға лы сы ның негізгі идея сы әл де қайда бұрын өмірге ке ліп, күні бүгінге дейін «елім, же рім» деп ұлт бола ша ғын ойлаған отан шыл аза мат тардың елін про грес ке бағыт та ған жал пы халықтық де мо кра тиялық қоз ғалыс еді.

Мирас АСАН,